БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 38 (9356) | 1954 жылғы 19 февраль Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.

*Совет халқы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына өндірістік-саяси зор өрлеумен әзірленуде. Совет Одағының еңбекшілері Коммунистік партияның төңірегіне берік топталғандығын тағы да айқын көрсетуде.*

## АГРО-ЗООТЕХНИКАЛЫҚ КУРСТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА КҮНБЕ-КҮН БАСШЫЛЫҚ ЖАСАЛСЫН

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін қойды. Демек, егін және мал шаруашылығы мәдениетін мейлінше арттырып, оның өнімділігін онан әрі молайту арқылы халқымыздың және жеңіл өнеркәсібіміздің ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген қажетін барынша толық қанағаттандыруды талап етті.

Облысымыздың колхоздары мен МТС-терінде және совхоздарында партия мен үкметіміздің алға қойып отырған бұл аса жауапты міндеттерін аброймен орындап шығуға керекті күш-мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Колхоздар мен МТС-тер және совхоздар мемлекетімізден егін және мал шаруашылығын өркендетуге қажетті отандық жаңа, қуатты машиналарды көптеп алуда. Сөйтіп, олар өздерінің техникалық базаларын үздіксіз нығайтуда. Ал, мұның өзі колхоздарды, МТС-терді, совхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан бұрынғыдан да нығайта беруге қолайлы жағдай туғызып отыр.

Үстіміздегі жылы облысымыздың колхоздары мен МТС-терінде және совхоздарында өткен 1953 жылға қарағанда қоғамдық мал басы 20 процент көбейтілуге, егіс көлемі 115 мың гектарға арттырылуға, 700 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілуге, әрбір сиырдан сауылатын сүт мөлшері 415 литр арттырылуға, әрбір қойдан қырқылатын жүннің мөлшері екі есе көбейтілуге, дәнді дақылдар егісінің әрбір гектарынан алынатын өнім орта есеппен 15 центнерден кем болмауға тиіс.

Бұл аса маңызды міндетті орындау мүддесі іске нақтылы басшылық етуді керек етеді. Атап айтқанда, әрбір колхоз, МТС пен совхоздың өндірісіне ғылым табыстары мен озат тәжрибелерді кеңінен енгізу қажет. Ал, ғылымның және озат тәжрибелердің табыстарын өндіріске енгізуде, оны ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің арасында кеңінен таратуда колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының агро-зоотехникалық курстарының зор маңызы бар. Олай болса, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының бұл оқуына күнбе-күн басшылық етіп, оқудың ойдағыдай жүргізілуіне қамқорлық жасау —колхоз, МТС, совхоз басшыларының және жергілікті бастауыш партия [illegible]

йық. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздардың бірсыпырасында зоотехникалық топтар мүлдем жұмыс істемейді. Ал, агротехникалық топтарда небары 45 адам оқыйды. Соның өзінде де оларда оқу жылы басталғалы сабақ небары үш-төрт рет өткізілген. Бұл жағдайды МТС-тің директоры Филиппов жолдас пен аға зоотехник Беззубов жолдастар біле ме? Әрине, біледі. Бірақ, олар бұл сияқты аса маңызды жұмысқа жете мән бермей, оған нақтылы басшылық етпей келеді.

Колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының агро-зоотехникалық оқуына басшылық ету мәселесіне, колхозшылар мен совхоз жұмысшылары арасында ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын насихаттау ісіне Булаев, Ново-Георгиев, Калинин, Преснов, Баян МТС-терінің басшылары мән бермей келеді. Бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздардың көпшілігінде агро-зоотехникалық топтар жұмыс істемейді. Ал, оқу жүргізіледі деген топтардың өзінде сабақ оқта-текте ғана өткізіледі. Істің жайы осылай бола тұрса да, бұл оқуға колхоз басшылары мен бастауыш партия ұйымдары нақтылы басшылық етіп отырмайды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы партия, совет органдарынан үшжылдық агро-зоотехникалық курстардың жұмысын мықтап жақсартуды, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының оқуындағы формализмді жоюды, курстардың оқуына күнбе-күн басшылық етіп отыруды талап етті. Амал не, осыған қарамастан Совет, Преснов, Булаев аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқомдері колхоздарда агро-зоотехникалық курстардың жұмысына басшылық жасаудан тысқары қалып келеді. Бұл аудандардың аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқомдері үстіміздегі оқу жылында колхоздардағы үшжылдық агро-зоотехникалық оқудың барысы жөнінде бірде-бір МТС басшысының, не агро-зоотехникалық топ жетекшісінің баяндамасын тыңдаған емес. Ол-олма, тіпті аудандық партия комитеттерінің МТС-тер жөніндегі секретарьлары да агро-зоотехникалық оқу жұмысын жақсартуды ұйымдастыруды өздерінің міндеті деп санамай жүр.

Айта кетуіміз керек, колхоздар мен совхоздардағы агро-зоотехникалық курс-

# Қазақстан КП VII съезі

*1954 жылғы 16 февральдағы мәжілістің күнделігі*

16 февральда Алматыда Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі ашылды. Съезді Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары **П. К. Пономаренко** жолдас ашты.

Съездің басшы органдарын — президиумды, секретариатты, редакциялық және мандат комиссияларын —сайлағаннан кейін Қазақстан КП VII съезінің күн тәртібі бірауыздан бекітілді.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасау үшін **Шаяхметов** жолдасқа сөз берілді.

Тексеру комиссиясының председателі **З. А. Бунаков** жолдас тексеру комиссиясының есепті баяндамасын жасады.

Алматы облыстық партия комитетінің секретары **С. Жақыпов** жолдас сөз алды. Ол мал басын және оның өнімділігін шұғыл арттыру үшін Қазақстанның зор мүмкіншіліктері бар екенін атап көрсетті. Алайда, республиканың мал шаруашылығының жайы қанағаттанғысыз. Жемшөп базасы мал басының өсуінен қалып қойып отыр. Мәселен, Алматы облысында көктемде және күзде сумен жабдықтаудың нашарлығынан маусымдық жайылымдықтардың үлкен аландары нашар пайдаланылады немесе мүлде пайдаланылмайды. Бұл жайылымдықтарда тұрғын үйлер, жемшөптің сақтық қорлары жоқ. Шешен Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы мен республика Министрлер Советінің ауыл шаруашылығына, әсіресе, мал шаруашылығына басшылығын қанағаттанарлық деуге болмайды деп атап көрсетті.

—Алматы облысының партия, совет және ауылшаруашылық органдары, —деп мәлімдеді Жақыпов жолдас, —колхоз және совхоз өндірісінің барлық салаларын өркендетуге нашар басшылық жасайды. Дәнді дақылдар егістерінің аландары ұлғайтылудың орнына, соңғы бес жылда кеміген. Егін өнімділігі күрт азайған. Техникалық дақылдар егісінің жалпы өнімі кеміген. Облыс мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды орындамайды, малдың көп шығын болуына жол берілген. Облыс партия ұйымы ауыл шаруашылығындағы артта қалушылыққа өзінің жауапты екенін толық мойындайды.

Жақыпов жолдас облыс партия ұйымы ды, аса маңызды мәселелерді шешкенде жеткілікті және уақытылы көмек көрсетіліп отырылмады. Шаяхметов жолдас өзінің баяндамасында Орталық Комитеттің бюро мүшелерінің қалай жұмыс істегені туралы ешнәрсе айтқан жоқ, олардың жұмысын қатты сынамады. Нақты принциптік сынның болмауы Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін дамытуға қанағаттанғысыз басшылық жасауға әкеліп соғып отыр. Ауыл шаруашылығына, өнеркәсіп пен мәдениет құрылысына басшылық жасауда ірі кемшіліктер мен қателіктердің болуы Орталық Комитеттің бюросы мен оның секретарьларының кадрларды іріктеу, істің орындалуын тексеру, бұқара арасындағы саяси жұмыс мәселелеріне үнемі назар аударып отырмағандығын дәлелдейді.

Қазақстанда мал шаруашылығының артта қалушылық себептерін талдай келіп, Тәшенов жолдас мал шаруашылығы орындарын салудың бетімен жіберілуі осы артта қалушылықтың себептерінің бірі болып табылады деп атап көрсетті. Қазақстанда мал үшін күрделі құрылыстар салудың орнына көп реттерде уақытша құрылыстар салынады. Бұған колхоздар мен совхоздар жыл сайын көп қаржы жұмсайды. Осының салдарынан фермаларда еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландыру тежеледі, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге үлкен зиян келеді.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Көкшетау облыстық партия комитетінің секретары **М. Бейсебаев** жолдас СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге кең перспективалар ашқанын атап көрсетті. Тек Көкшетау облысының өзінде ғана биылғы жылы егіс аланы 200 мың гектар артады. Облыс 1955 жылы мемлекетке астықты өткен жылғыдан 3—4 есе артық бере алатын болады. Алайда, деп атап көрсетті шешен, соңғы уақытқа дейін республикада астықты қол жететін орасан зор көлемде өндіруді ұлғайту жөнінде мәселе қойылмай келеді. Қазақстан КП Орталық Комитетінің және оның бюросының, Орталық Комитеттің секретарьлары Шаяхметов және Афонов жолдастардың, Қазақ ССР Министрлер Советінің және оның Предсе- теген мәселелерді Шаяхметов жолдастың өзі жеке- дара шешіп жүрді.

Қызылорда облыстық атқомінің председателі **М. Н. Нүркеев** жолдас өзінің сөзін облыс халық шаруашылығының артта қалу себептерін талдауға арнады. Қызылорда облысында су шаруашылығын дұрыс ұйымдастыру мол өнім алудың және берік жемшөп базасын жасаудың аса маңызды шарты болып табылады. Соңғы жылдары су тарататын бас құрылыстар, қорғаныс дамбалары және канал магистральдарының құрылыстары жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Алайда, суландыру жүйелері әлі де нашар жағдайда қалып отыр. Республиканың Министрлер Советі су шаруашылығын өркендету мәселесін шешпейді.

Биылғы жылдың өзінде Сырдарияның жағаларын бекітуді бастау керек, 1955 жылы Қызылорда плотинасының құрылысын аяқтап, пайдалануға беру керек, ал, биыл Қызылорда жерін суландыратын канал құрылысын бастау керек. Плотина аймағына кірмейтін аудандардың егіс аландарының сумен жабдықталуын жақсарту және жемшөп базасын кеңейту үшін Қазалының солжақ жағалаулық магистральдық каналының құрылысына кірісу керек.

Солтүстік Қазақстан облыстық атқомінің председателі **Қ. Р. Оспанов** жолдас сөз сөйледі. Солтүстік Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбекшілері, —деді ол, —СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын абройлен жүзеге асыру үшін күресуде. Ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін онан сайын ұлғайта беру үшін біздің облысымызда қажетті жағдайлардың бәрі де бар. Алайда, осы мүмкіншіліктер әлі нашар пайдаланылуда. Облыс колхоздарында астықтың жалпы өнімі төмен болып келеді. Сол сияқты, қоғамдық мал шаруашылығы да баяу өркендетілуде. Біз 700 мың гектар тың және тыңайған жерлерді меңгеруге тиіспіз. Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары, совхоздары, МТС-тері, партия және совет ұйымдары ауыл шаруашылығын тез өркендетуді көздеген шаралар белгіледі. 1954 —1955 жылдары ауылшаруашылық дақылдарының өнімін екі есе арттыруға барлық мүмкіншіліктер бар.

тет бөлімдерінің нашар бақылау жасауынан бұл қаулының аса маңызды пункттері орындалмай қалды. Мәселен, Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Қазақ ССР Ғылым академиясына 1953 жылы 50 мың гектар жерді суландыру үшін Ертістің оң жақ жағалауында зерттеу жұмыстарын жүргізу тапсырылған болатын. Бірақ, Ауыл шаруашылығы министрі Кәрібжанов жолдас және Ғылым академиясының президенті Қонаев жолдас бұл маңызды қарарды орындаған жоқ.

Ысқақов жолдас мал шаруашылығы үшін көпшілік тұтынатын товарларды облысқа жеткізу жоспарын бұрмалағаны үшін Қазақстан тұтынушылар одағының және Қазақстан кәсіпшілік Советінің басшыларын сынады.

Съездің делегаттары Шымкент аудандық партия комитетінің Задария МТС-і бойынша секретары **М. Жолымбеков** жолдастың жұмыстың жаңа түрінің алғашқы қадамы туралы сөзін зор зейін қоя тыңдады. Задария МТС-ін аудандық партия комитетінің үш нұсқаушысы қамтыйды. Аудандық партия комитеті нұсқаушылардың жұмысына бағыт бере отырып, олармен тәжрибе ауыстыру жөнінде жиі кеңестер өткізіп отырады, ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күресте олардың ролінің арттырылуына жетіседі. Каганович атындағы колхозда мал қыстату нашар ұйымдастырылған болатын. Аудандық партия комитетінің нұсқаушысының ұсынысы бойынша бұл мәселе колхоз активінің қатысуымен партия жиналысында талқыланды. Малдарды күтуді жақсарту жөнінде практикалық шаралар белгіленді.

Партия комитетінің қызметкерлері агротехникалық оқуды жолға қою жөнінде колхозшыларға көмектесті, аудандық комитет қызметкерлері колхоз өндірісі озаттарының жетістіктерін таратуға ұмтылуда.

Жолымбеков жолдас Арыс электр станциясын салу туралы мәселе қойды. Бұл электр станциясының жобасы республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне әлдеқашан тапсырылған болатын.

Қостанай облыстық партия комитетінің секретары **И. П. Храмков** жолдас СОКП Орталық Комитетінің сентябрь

ұйымдарының маңызды міндеті.

Облысымызда агро-зоотехникалық курстардың жұмысына зор маңыз беріп, оларға нақтылы басшылық етіп келе жатқан МТС, совхоз дирекциялары мен бастауыш партия ұйымдары аз емес. Мәселен, Приешім ауданындағы Ленин атындағы МТС-тің дирекциясы және осы МТС-тің партия ұйымы егіншілердің теориялық білімін көтеру мәселесіне үнемі көңіл бөліп отырады. Быйыл бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда 8 агротехникалық, 6 зоотехникалық топ жұмыс істейді. Оларда оқу белгіленген күндері өтіп отырады. Топтарды басқаратын агрономдар мен зоотехниктер білім дәрежелері жеткілікті, іскерлік қабілеті бар адамдардан іріктеліп алынған. Ол агрономдар мен зоотехниктер өздеріне жүктелген міндетке жауаптылықпен қарайды. Олар теориялық сабақты практикалық жұмыстармен шеберлікпен байланыстырып, тыңдаушыларға сабақты ұғымды етіп өткізеді. Осы МТС-тің қамтуындағы «Культурный пахарь» колхозындағы зоотехникалық топта (басқарушысы зоотехник Холкина жолдас) қазір оқу программасының жартысынан көбі өтілді.

Сол сияқты, Полудень ауданы, Аманкелді атындағы колхоздағы агротехникалық топ, Ворошилов атындағы колхоздағы зоотехникалық топ, Преснов ауданы, Абай атындағы колхоздағы, Буденный атындағы совхоздың № 3 бөлімшесіндегі агротехникалық топтар оқу программасын ойдағыдай өтіп келеді. Бұл топтарды басқаратын агрономдар Алдабергенов, Вишневецкая, Кривенко, малдәрігері Борисюк жолдастар сабақты өткізуге жақсы дайындалып, көрнекі құралдарды орынды пайдаланады.

Дегенмен, облысымыздың бірсыпыра колхоздары мен МТС-терінде және совхоздарында колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларының оқулары ойдағыдай жүргізілмей келеді. Мысалға, Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарды алатардың жұмысы мүншама нашар жүргізілуіне облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресі де кінәлі. Өйткені, олардың мамандары колхоздарда, совхоздарда жиі болмайды. Олардағы агро-зоотехникалық оқудың барысын тек мәліметтер арқылы ғана танысып білумен қанағаттанады.

Қазір агро-зоотехникалық оқу жылы аяқталып келеді. Оның барлық колхоздар мен совхоздарда ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз ету үшін курстардың оқуында орын алып келген кемшіліктерді түгел жоюды МТС, совхоз басшылары, партия, совет органдары шұғыл қолға алулары керек. Әрбір топты басқаратын мамандардың жауапкершілігін күшейту қажет. Оқудың идеялық жоғары сапада, қызықты болып өтуіне керекті жағдайлардың барлығын туғызу керек. Курстардың тыңдаушыларына озат жұмыс әдістерін қолдануда практикалық дағдыларды үйретуді жақсарта беру арқылы колхоз, совхоз шаруашылығының барлық салаларын —егіншілік мәдениетінде, мал шаруашылығында, картоп пен овощь өндіруді де бірдей өркендетуді қамтамасыз ету керек.

Агро-зоотехникалық курстарды басқаратын мамандардың өзара тәжрибе ауыстыру жұмысы кеңінен ұйымдастырылып, топта сабақ беруде тәжрибесі аз мамандарға көмек беруді жақсарту қажет.

Қазір облысымыздың барлық колхоз, МТС, совхоздары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына өндірістік жаңа табыстармен баруды көздеп, көктемгі егіске әзірлік, мал қыстату жұмыстарына барлық күшмүмкіншіліктерді жұмылдыруда. Олардың бұл жігерін СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуі арттыра түсті. Колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын агро-зоотехникалық біліммен қаруландыруды да осындай қызу қарқынмен жүргізуді ұйымдастыру—партия, совет және ауылшаруашылық органдарының маңызды міндеттерінің бірінен саналады.

# Жаңа міндеттемелер қабылдады

Шағлы МТС-нің механизаторлары (Совет ауданы) Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуін зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Үндеуге жауап ретінде олар МТС жұмысын онан әрі жақсарту жөнінде социалистік жарыстың жаңа шартын қабылдады.

МТС алдында быйылғы жылы 8500 гектар тың және тыңайған жерлерді игеру міндеті тұр. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін қамтуында 9 трактор бригадасы бар арнаулы екі трактор отряды құрылатын болады. Әрбір отрядты агроном және механик басқарады, көшпелі мастерской жұмыс істейді. Тың жер жыртуға жаңадан көптеген қуатты тракторлар алынуда. Олардың күшін сарқа пайдалану үшін маман механизатор кадрлардың қажет екендігі түсінікті. Бұл мақсатпен қазіргі уақытта МТС жанындағы тракторшылар курсында болашақ механизаторлар оқып жүр.

Қамтудағы колхоздарда картоп, овощь алаңы өткен жылғыдан анағұрлым ұлғайтылмақшы. Бұл дақылдарды егуді жоғары агротехникалық дәрежеде өткізу үшін МТС механизаторлары шымтезек-шірінді құмыраларын жасауға қызу көмектесуде. МТС қамтуындағы колхоздарда қысқа мерзім ішінде 40 мың шымтезек-шірінді құмыралары жасалады.

Колхоздардың мал фермаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды комплексті механикаландыру жолында механизаторлар қажырлы еңбек етіп келеді. Фермаларды механикаландыру бұдан былай да қызу қарқынмен жүргізіле бермек.

МТС-те трактор жөндеу жұмысы 10 февральға дейін 61,8 процент орындалды. Тракторлар мен ауылшаруашылық саймандарын жөндеу жұмысын жөндеуші-механизаторлар бүкілхалықтық мереке—сайлау болатын күнге дейін аяқтап шығуға міндеттеніп отыр. Қазіргі кезеңде МТС механизаторлары арасында сайлау құрметіндегі және қабылдаған жарыс шартын іске асыру жолындағы өзара социалистік жарыс күннен- күнге кеңінен өріс алуда.

М. ҒАЛИЕВ.

ауыл шаруашылығына басшылық жасаудағы кемшіліктерді жоюға батыл шаралар қолданады және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған тарихи міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етеді деп съезді сендірді.

Қарағанды облыстық партия комитетінің секретары **С. Я. Яковлев** жолдас сөз сөйледі. Ол өткен жылы облыста өнеркәсіптің жалпы өнімін шығару 1952 жылғымен салыстырғанда 13 процент артқандығын айтты. Көмір өндіру, болат қорыту, болат және түсті прокат шығару жөніндегі мемлекеттік жоспарлар артығымен орындалған. Көмір өнеркәсібіне жаңа техниканы, еңбекті және өндірісті ұйымдастырудың озат әдістерін онан әрі енгізу нәтижесінде бассейннің кәсіпорындарында көмірді тәуліктік өндіру еселеп артты, шахтерлердің еңбек өнімділігі жоғарылады.

Сонымен қатар, шешен облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің өздерінің жұмыстарын партияның XIX съезінің және СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларына сәйкес әлі толық қайта құрмағандығын мойындады. Олар көп реттерде артта қалған кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының жұмысымен терең шұғылданбайды, олардың басшыларынан тапсырылған іске партиялық және мемлекеттік жауапкершілікті талап етпейді.

Яковлев жолдас Қарағанды облысының өнеркәсібін өркендетудің перспективалық мәселелерін өз инициативасы бойынша көтермегені үшін Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросын сынады.

— Мысалға Қарағанды өнеркәсіп ауданының электр қуатымен жабдықталуын алуға болады, —деді ол. —Энергетикалық қуаттардың баяу өсуі көмір бассейнінің, өнеркәсіптің және басқа маңызды салаларының өркендеуін тежейді. Біз салынып біткен кәсіпорындарының өзін пайдалана алмай отырмыз немесе толық қуатымен пайдаланбаймыз. Осы жағдайға қарамастан, Қазақстан КП Орталық Комитеті Қарағанды облысының өнеркәсібін электр қуатымен жабдықтау мәселесімен шұғылданбады.

— Қазақстанның ауыл шаруашылығының барлық салаларының өркендеу дәрежесі, —деп мәлімдеді Ақтөбе облыстық партия комитетінің секретары **Ж. А. Тәшенов** жолдас, —әлі күнге дейін СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының талаптарына жауап бермейді. Атап айтқанда, біздің облыс астық, картоп, овощь, ет, сүт, жұмыртқа тапсыруды баяу арттыруда. Республиканың көптеген МТС-терінде жоғары дәрежелі білімі бар мамандар жоқ, механизатор кадрларын даярлау және қайта даярлау ісі жолға қойылмаған. Қазақстанның партия ұйымы селоға коммунистер мен комсомолецтерді жіберу жөніндегі жұмысты өте баяу өрістетуде.

Шешен республиканың ауыл шаруашылығының қанағаттанғысыз өркендеуіне, ең алдымен Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы мен Қазақ ССР Министрлер Советі кінәлі екенін атап көрсетті. Облыстарға басшылық жасауда олардың өзіндік ерекшеліктері есепке алынбағанын дәлел Тайбеков жолдастың жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі сол — олар ауыл шаруашылығын өркендету үшін Қазақстанның орасан бай мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалану туралы мәселе көтеруге тырысқан жоқ.

— Көкшетау облысында өнеркәсіптің өркендеуі, —деді Бейсебаев жолдас, — ауыл шаруашылығының өсіп отырған талаптарын қанағаттандырмайды. Бірақ, Қазақстан КП Орталық Комитеті және республиканың Министрлер Советі жаңа кәсіпорындарын, оның ішінде машина құрылысы, құрылыс материалдарын өндіретін және басқа кәсіпорындарын салуға байланысты мәселелерді шешкен жоқ. Облыста автомобиль жөндеу заводын құру қажет. Байланыс, автомобиль транспорты органдарының жұмысын жақсарту, қазір бар тас жолдардың үлгілі болуына және жаңа жолдардың салынуына жетісу қажет.

Мінбеде—Ақмола облыстық партия комитетінің секретары **Н. И. Журин** жолдас. Облыс партия ұйымының, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің барлық күші ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуді қамтамасыз етуге бағытталған. Тың және тыңайған жерлерді меңгеру астық өндірісін ұлғайтудың аса ірі резерві болып табылады. 1954 —1955 жылдары Ақмола облысында 1 миллион 325 мың гектар тың және тыңайған жерлерді меңгеру керек. Алдын-ала шығарылған есептерге қарағанда, бұл жерлерден алынған астықты сатудан колхоздардың ақшалай кірісінің сомасы 1953 жылы астық сатудан түскен кіріспен салыстырғанда төрт еседен артық асады.

Шешен жаңа жерлерді меңгеру жөнінде жүргізілетін жұмыстарға байланысты бірқатар практикалық мәселелер көтерді. Ауыл шаруашылығы министрлігі облысқа тракторлардың, тіркеу саймандарының, цистерналардың және басқа жабдықтардың жеткізілуін тездетуге, МТС-тердің жөндеу базаларын нығайтуға, қазіргі станцияларды кеңейтуге тиіс. Жаңа жерлерде жұмыс істеуге мүмкіндігінше колхозшыларды көбірек босату үшін мал шаруашылығы фермаларын механикаландыру көлемін едәуір ұлғайту керек. Журин жолдас республикадағы ауылшаруашылық машина құрылысының жалғыз кәсіпорны — «Қазахсельмаш» заводын кеңейту жөнінде батыл шаралар қолдануды кейінге қалдыруға болмайтынын атап көрсетті.

—Қазақстан КП Орталық Комитетінің IX пленумы,—деді Журин жолдас,—Орталық Комитеттің бюросының және секретарьлары Шаяхметов, Афонов және Сужиков жолдастардың жұмысындағы ірі кемшіліктерді атап көрсетті. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы мен секретарьлары ауыл шаруашылығын өркендетуге байланысты түбірлі мәселелерді шешкен жоқ, ұйымдастыру жұмыстарымен, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселесімен нашар шұғылданды. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросында кемшіліктерді партиялық принципшілдікпен сынау болған жоқ. Коллективтік түрде шешілуге тиісті көп

Шешен астық шаруашылығы колхоздарында өндірістік процестерді механикаландыру мәселелеріне тоқталды. Комплексті механизацияны қолданбайынша астық өндірісін шұғыл арттыру мүмкін емес. Бірақ, осы күнге дейін облыстың бірқатар колхоздарында астықты тазалау және тиеу қолмен жүргізіледі. Бұл шаруашылықтың өз мүмкіншіліктерін толық пайдалануына үлкен кедергі жасайды. Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі озат шаруашылықтардың тәжрибесін қорытып, бұл мәселені әлдеқашан шешуге тиіс еді.

Семей облыстық партия комитетінің секретары **Т. Қойшыбаев** жолдас сөз алды. Партияның Орталық Комитеті, Министрлер Советі және Қазақстанның Жоспарлау комиссиясы, —деді ол, —облыстардың экономикасын өркендетудің перспективалық мәселелерін істі жете біліп шешпейді, халық шаруашылығының түрлі салаларының артта қалу себептерін зерттемейді. Бұған мысал ретінде шешен Семей қаласындағы өнеркәсіптің жайын баяндады. Бұл қала —халық тұтынатын көптеген товарлар өндіретін жеңіл және тамақ өнеркәсібінің ірі орталығы. Өнеркәсіптің бұл салаларының үздіксіз өркендеуге, шығаратын өнімдерінің санасын үнемі жақсарта беруге тиіс екені мәлім. Алайда, тиісті энергетикалық база болмағандықтан қала өнеркәсібінің өркендеуі тежеліп отыр. Ал. республиканың басшы органдарының алдына бұл мәселе 1948 жылдан бері қойылып келеді.

Павлодар облыстық партия комитетінің секретары **Қ. Ысқақов** жолдас өзінің сөзінде ауыл шаруашылығындағы пайдаланылмай жатқан резервтер туралы айтты.

—Облыстық партия комитеті және облыстық атқару комитеті машина-трактор станцияларына, колхоздар мен совхоздарға сылбыр, істі жете білмей басшылық жасап келді, —деді ол. —Сондықтан да көптеген шаруашылықтар ауылшаруашылық дақылдарынан жоспарланған өнімді ала алмады, мал басын өсіруді және оның өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманы орындамады.

Мұндай жағдайлардың себептері туралы айта келіп, шешен облыстың колхоздары мен совхоздарында жер шаруашылығының мәдениеті өте- мөте төмен екенін, озат агротехникалық әдістердің баяу енгізілетінін атап көрсетті. Бірқатар аудандарда жергілікті партия және совет ұйымдары мал шаруашылығының тағдырына жауапсыз қарайды. Берік жемшөп базасы жасалмаған, Ертістің шабындыққа бай алқаптары ойдағыдай меңгерілмеген. Облыстық партия комитеті МТС-тердің жұмысын қайта құру, оларды маман кадрлармен нығайту жөнінде аз жұмыс істеді.

Шешен Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы және республиканың Министрлер Советі тарапынан облысқа нашар көмек көрсетіліп отырғандығын атап көрсетті. Рас, —деді ол, —өткен жылдың апрелінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумында Павлодар обкомінің жұмысы туралы есеп тыңдалып, тиісті қаулы қабылданды. Қазақстан Компартиясы секретарьларының және Орталық Комитетінің Пленумының Қазақстан партия ұйымының алдына қойған зор міндеттері туралы айтты. Республикада таяу уақыттың ішінде алтыжарым миллион гектарға дейін тың және тыңайған жерлер меңгерілуге тиіс. Қостанай облысы біржарым миллион гектарға жуық тың және тыңайтылған жерлерді жыртуға тиіс. Бізде көктемгі дала жұмыстарына әзірлік өрістеді. Алайда, жаңа шараларды жүзеге асыруға байланысты бірқатар мәселелер әлі шешілген жоқ. Әсресе, ирригациялық құрылыстар үшін құралдар мен материалдар керек болып отыр. Қостанай, Көкшетау, Ақмола және басқа облыстар үшін ауыр дискалы тырмалар және мұнай тасийтын машиналар жеткізу мәселесі ойластырылмаған, МТС-тер үшін автомобиль транспорты аз бөлінген. Республиканың Министрлер Советі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл кемшіліктердің барлығын есепке алуға тиіс.

Шешен СОКП Орталық Комитетінің Қазақстан партия ұйымына көрсетіп отырған орасан зор көмегі туралы айтты. 1951 жылы партияның Орталық Комитеті бізге идеологиялық майдандағы өрескел қателіктерді түзетуге көмектесті, —деді ол. —Қазір СОКП Орталық Комитеті Республиканың партия ұйымының басшылығын нығайтуға көмектесіп отыр. Орталық Комитеттің бюросы республиканың партия ұйымы мен еңбекшілерінің алдында тұрған орасан зор міндеттерді түсінген жоқ. Шаяхметов жолдас кадрларды іріктеудің және орналастырудың партиялық принципін бұрмалады, басшы қызметкерлердің қателіктерін көре- тұра ымырашылдыққа жол берді, бұқараның үніне құлақ аспады. Орталық Комитеттің бұрынғы екінші секретары Афонов жолдас принципсіздік және дәрменсіздік көрсетті.

Қазақ ССР Ішкі істер министрі **В. В. Губин** жолдас Орталық Комитет бюросының халық шаруашылығының бірқатар аса маңызды салаларының, атап айтқанда, Балқаш мыс қорыту заводы сияқты ірі түсті металлургия кәсіпорынның елеулі артта қалушылығына төзіп келгендігін атап көрсетті. Құрылыс ұйымдарының артта қалушылығын жоюға бағытталған шаралар қолданылмады. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын нақтылы жүзеге асыру үшін шын мәнінде ешнәрсе істеген жоқ.

Кадрларды іріктеп алуда және жоғарылатуда елеулі қателіктерге жол берілді. Басшы қызметтерге кейбір реттерде лайықсыздығы алдын- ала белгілі адамдар жоғарылатылып келді. Мұның өзі шаруашылық және мәдениет құрылысының жекелеген участоктерінде елеулі кемшіліктерге әкеліп соқты. Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының жұмысында жұмыстың коллективтік принципі сақталмады. Орталық Комитеттің секретарьлары Шаяхметов және Афонов жолдастар көп мәселелерді жеке- дара шешіп келді.

Губин жолдас республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігін қатты сынады.

Осымен съездің мәжлісі аяқталды.

*Колхоздардың есеп-беру сайлау жиналыстарынан*

# Мал шаруашылығын өркендету— шұғыл міндет

Жақында Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозы колхозшыларының есеп беру жыйналысы болып өтті. Жыйналыста колхоз мүшелері артельдің 1953 жылғы шаруашылық жұмыстарының қорытындылары жөнінде колхоз председателі Тоқтамысов жолдастың баяндамасын тыңдады.

Баяндамашы және баяндама бойынша жарыссөзде сөйлеген колхозшылар өткен жылдың ішінде шаруашылықтың кейбір табыстарға ие болғанын, соның нәтижесінде колхоздың жылдық табысы 316 мың сом болып, 1952 жылғыдан едәуір асып түскенін айта келіп, жұмыста әлі де болса орын алып отырған кемшіліктерге, әсресе, мал шаруашылығын өркендетудегі, оның өнімділігін арттырудағы өрескел артта қалушылыққа ерекше тоқталды.

Өткен жылы колхозда мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары сыйыр малынан, қойдан және құс өсіруден орындалмаған. Әрбір 100 аналық малдан небары 65 бұзау, 56 қозы алынған. Мал күтімінің нашарлығы салдарынан мал шаруашылығының өнімділігі мүлдем төмен болып келеді. Жыл ішінде әрбір сауын сыйырдан 916 литрден ғана сүт сауылып, әрбір қойдан 1 килограмм 700 грамм жүн қырқылған. Сөйтіп, бұл жөніндегі мемлекеттік жоспар орындалмай қалған. Малдың өлім-жітімге ұшырауынан, төлдейтін малдың қысыр қалуынан колхоз шаруашылығына едәуір зиян келген.

—Мал шаруашылығын өркендетудегі елеулі кемшілік, —деді сыйыр фермасының меңгерушісі Қ. Сүлейменов жолдас,—ең алдымен жемшөп өндірудің және дайындаудың артта қалуынан болып отыр. Бізде өткен жылы көпжылдық және біржылдық шөп егісі нашар болды. Табиғи шабындықтардан өнім аз алынды. Жемшөптік жемістамырлар, сүрлемтін күнбағыс, мал азығына арнап картоп егу жұмысымен шұғылданбадық. Шөп шабудың, шабылған шөпті маялаудың, сабанды жыйнаудың нашар механикаландырылуы салдарынан жай жемшөп дайындау жоспары орындалмады. Мұның өзі үстіміздегі қыста мал азығының тапшы болуына, осының салдарынан басқа шаруашылықтардан шөп сатып алуға ғана 14 мың сом қаржы жұмсауымызға әкеліп соғып отыр. Фермалардағы еңбекті көп тілейтін жұмыстардың механикаландырылмауы еңбек өнімділігін арттыруға елеулі кедергі болып келеді.

Айта кететін бір мәселе,—деді ол сөзінің аяғында,—біздің колхозда мал тұқымын асылдандыруға ойдағыдай көңіл бөлінбей келеді. Бұған барлық малдың 8—10 проценті ғана асылдандырылуының өзі толық дәлел. Мал шаруашылығынан өнімнің өте аз алынуына бұл жағдай өзінің әсерін тигізбей қойған жоқ.

Колхоздың зоотехнигі С. Бақтыбаев жолдас малды қолдан ұрықтандыру жұмысының қанағаттанғысыз ұйымдастырылып келгенін айтты. Осының салдарынан төл алу маусымының өте ұзаққа созылуы, аналық малдардың біразының қысыр қалуы орын алып келгенін фактілермен дәлелдеді.

Колхозшы С. Қалиев жолдас өзінің сөзінде колхозға Семиполка МТС-нің қалай көмектесіп отырғанына тоқталды.

—МТС —колхоз өндірісін өркендетуде басты және шешуші күш, деді ол.—Бірақ, біздің колхозды қамтыйтын Семиполка МТС-і өзінің осы роліне сай көмек көрсете алмай келеді. МТС басшылары өткен жылы колхозбен жасасқан шартта алған міндеттемелерін жұмыстың әрбір түрі бойынша толық орындауды қамтамасыз етпеді. МТС директоры Мальченко жолдас мал фермаларындағы ауыр жұмыстарды механикаландыру, мал қыстатуға көмектесу сияқты маңызды жұмыстардан мүлдем тысқары қалып отыр. МТС басшылары колхозбен жасасқан шарттың орындалуына сан жағынан ғана қарап, оның сапасын ескермеу сияқты зиянды әдеттен әлі арылған жоқ.

Колхозшылар Сақтанов, Смағұлов жолдастар колхозда бухгалтерлік есеп-қыйсап жұмысының бетімен жіберілгенін, колхозшылардың еңбеккүндерін есептеу көп жағдайда кезінде жүргізілмейтінін айтты. Егін жыйнау кезінде бастырылған астықты есепке алу жұмысында болған кемшіліктерді фактілермен көрсетіп, бұған жол берген басқарма мүшелерін батыл сынады.

Жарыссөзде сөйлеген бірсыпыра колхозшылар колхоздың тексеру комиссиясы өз міндетін атқаруға өте салақтықпен қарап келгенін, өткен бір жыл ішінде колхозда тексеру жұмысын бір-ақ рет жүргізгенін айтты. Колхозшыларға СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын оқып түсіндірудің нашар ұйымдастырылғанын, сондықтан кейбір колхозшылар бұл тарихи қаулыны осы уақытқа дейін жете білмейтініне тоқталды. Колхоз басшыларының бірыңғай шаруашылықпен шұғылданып, үгіт-көпшілік жұмыстарына жете мән бермей, оны бәсеңдетіп алып отырғаны өте орынды сынға алынды.

Колхозшылардың есеп беру жыйналысы колхоз басқармасының шаруашылыққа басшылық ету, басқару жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады. Жыйналыс үстіміздегі жылы қоғамдық шаруашылықты жан-жақты өркендете берудің нақтылы шараларын белгілеген қаулы қабылдады.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН,**
**(Өз тілшіміз).**

# Табысты молайтудың шараларын белгіледі

# Колхозшылардың агро-зоотехникалық білім дәрежесін арттыра берейік

☆ ☆ ☆

## Төзгісіз кемшіліктер

Преснов ауданы, Киров атындағы колхозда колхозшылардың агро- зоотехникалық оқуына осы күнге дейін жете мән берілмей келеді. Мұнда оқу жылы басталғалы бес-ақ рет сабақ өткізілген. Агроном Бовровский жолдас өзіне тапсырылған міндетті орындамай, жауапсыздыққа салынуда. Ол МТС-ке «сабақ өткізіп жүрміз, оған көптеген адамдар қатысады» деп жалған мәліметтер беріп жүр. Курс жұмысының ойдағыдай жүргізілмеуі салдарынан 7 тыңдаушы оқуды тастап кетті.

Бовровский жолдас көктемгі егіске дайындық жұмысын ұйымдастыруда да сылбырлық көрсетуде. Ол осы колхозда тұқымдық дәннің едәуірі тазартылмай жатқанына қынжылар да емес. Тіпті оның өзінде де «уақыт жетеді» деген жайбарақаттық бар.

Колхозшылардың агро- зоотехникалық оқуын бағаламау сияқты кемшіліктерге мүлде төзуге болмайды. Ендігі жерде агроном Бовровский жолдас бұл аса маңызды жұмысты бүгінгі күннің талаптарына сай жүргізуі керек.

**К. ЕРТАЕВ.**



Булаев ауданының «Гигант» колхозы 1953 жылы овощь өнімінен 174 мың сом пайда тапты. «Гигант» колхозының мүшелері овощь және бау-бақша дақылдарына ерекше мән бере отырып, овощь және бау-бақша дақылдары егісінің көлемін 1954 жылы едәуір ұлғайтуды ұйғарды.

СУРЕТТЕ: овощь өсіруші звено бастықтары (солдан оңға қарай) **А. Киянова, П. Маленко** және **А. Устименко** жолдастардың үшжылдық агрономиялық курстің кезекті сабағына әзірленіп отырған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

# Колхоздардағы агро-зоотехникалық курстардың жұмысына басшылық жақсартылсын

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздардағы үшжылдық агро-зоотехникалық курстардың жұмысын мықтап жақсартуды, курстардың оқушыларына алдыңғы қатарлы жұмыс әдістерін қолдануда практикалық дағдыларды үйретуді, сөйтіп, колхоздардың өндірістік жұмысының жақсартылуын қамтамасыз етуді талап етті. Үстіміздегі оқу жылында облыс колхоздарының көпшілігі агро-зоотехникалық курстардың жұмысын сентябрь Пленумы қойған осы талаптар дәрежесіне сай жүргізуді көздеп, оны ұйымшылдықпен бастады.

Конюхов ауданындағы Чистяя МТС-нің қамтуындағы колхоздарда агро- зоотехникалық 13 топ жұмыс істейді. Бұларда 179 колхозшы оқыйды. Топтарда сабақ белгіленген күндерде өткізіледі. Сабаққа оқушылар түгел қатысып отырады. Сабақ өткізетін агрономдар мен зоотехниктер кезекті сабаққа толық әзірлікпен келіп, оны идеялық жоғары дәрежеде, қызықты етіп өткізеді.

Совет ауданы, Ленин атындағы колхозда жұмыс істейтін агротехникалық топта кәзір 13 рет сабақ өтті. Топты басқаратын агроном Финько жолдас тео-

курстарға оқушылар тарту жоспары небары 13 процент орындалды. Мұндай кемшіліктер Петропавл, Интернационал МТС-тері қамтыйтын колхоздарда да бар. Ал, Торанғұл, Налобин МТС-тері колхозшылардың агро -зоотехникалық курстарының жұмысын тіпті ұйымдастырған да жоқ. Аталған МТС -тердің директорлары, бас агрономдары мен зоотехниктері бұл аса маңызды жұмысты екінші кезектегі іс деп теріс ұғынып, оны ұйымдастыруды тек участоктік агрономдар мен зоотехниктерге тапсырумен ғана тынған.

МТС, колхоз басшылары мен бастауыш партия ұйымдары секретарьларының үшжылдық агро -зоотехникалық курстарды ұйымдастыру, оларға алдыңғы қатарлы колхозшыларды көптеп тарту ісіне жете мән бермеуінің салдарынан, быйылғы оқу жылында бұл курстарға оқушылар тарту жоспары облыс колхоздары бойынша небары 80 процент ғана орындалып отыр.

Айта кететін тағы бір кемшілік—курстарда оқу сапасы өте-мөте төмен дәрежеде жүргізіледі. Курстарды басқарып, жүрген кейбір мамандар кезекті сабақты өткізуге әзірліксіз келеді. Сабақ өткізгенде көрнекі

Агро -зоотехникалық топтардың сабағын колхоздардың өмірімен байланыстыра жүргізу, сабақ үстінде егін және мал шаруашылығы озаттарының іс тәжрибелерін насихаттау Мамлют, Петропавл аудандарындағы колхоздарда ескерілмей келеді. Ал, аталған аудандардың барлық колхоздарында да жақсы көрсеткіштерге жетіскен егіншілік пен мал шаруашылығының озаттары көптеп саналады. Олардың тәжрибелерін насихаттау арқылы оны колхозшылар көпшілігінің игілігіне айналдыруға болады. Бірақ, амал не, ондай озат тәжрибелер әзірше қолдау таппай отыр.

Кәзір колхозшыларды агро- зоотехникалық біліммен қаруландыруға керекті жағдайлардың бәрі бар. Колхоздарға тұрғылықты жұмыс атқару үшін көптеген агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері жіберілді. Ауыл шаруашылығы мамандарының басты міндеті — колхозшыларға картоп пен овощь дақылдарын шаршыұялап және шаршылап егу, овощь дақылдарының көшеттерін шымтезек-шірінді құмыраларда өсіру, мал шаруашылығы өнімдерін барған сайын арттыра беру жөніндегі ғылми табыстар мен озат тәжри-

### «УНИТА» ГАЗЕТІНЕ 30 ЖЫЛ ТОЛДЫ

РИМ, 16 февраль. (СОТА). Миланда Италия Коммунистік партиясының баспа органы «Унита» газетінің шыға бастағанына 30 жыл толуына арналған жыйналыс болды. Жыйналыс болған «Лирико» театры адамдарға лық толды. Көп халық театр алдына жыйналды, сөйтіп жыйналыста сөйлеген сөздері театр алаңында орнатылған радио арқылы тыңдалды.

Жыйналыста сөз сөйлеген Италия Коммунистік партиясының бас секретары Пальмиро Тольятти буржуазияның ірі баспа органдары фашизмге сатылып кеткен кезде, ал, кәзір америкаң империализімінің жаршысы болып отырғанда, «Унита» газеті өзі өмір сүрген отыз жыл тойына фашизмге және соғысқа қарсы күрес жүргізіп келгендігін атап көрсетті.

Бұдан соң Италиядағы ішкі саяси жағдайға тоқтала келіп, Тольятти кәзіргі жағдайды өзгерту қажеттігі бүкіл жұртшылық пікірінде айқын сезіліп отырғандығы сонша, тіпті мұны реакцияшыл партиялардың өзі де мойындауға мәжбүр болып отыр деді.

Коммунистік партияның жаңа үкметке көзқарасына тоқтай келіп, Тольятти коммунистер бұл үкметке сенім білдіре алмайды, өйткені, ол ішкі істер министрі болып тұрған кезінде ереуіл жасаған жұмысшылар мен шаруаларды атқылауға бұйрық берген адам басқарып отырған реакцияшыл үкмет болып табылады деп мәлімдеді.

### АҚШ-тың ИНДО -ҚЫТАЙДАҒЫ СОҒЫСҚА АРАЛАСУЫ

НЬЮ- ЙОРК, 16 февраль. (СОТА). «Юнайтед стейтс ньюс энд Уорлд рипорт» журналының жуырдағы номерінде Сайгоннан алынған мақала басылып, бұл мақалада былай деп көрсетілген: американ сарапшылары «Индо-Қытайда соғыс жүргізу әдістерін өзгертуді, мүмкін американдар тарапынан барған сайын зор басшылық жасауды керек ететіндей етіп өзгертуді» талап етуде.

НЬЮ- ЙОРК, 16 февраль. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігінің Токиодағы тілшісінің хабарына қарағанда, Қыйыр Шығыстағы американ соғыс әуе күштерінің командашысы генерал Вейленд баспасөз конференциясында: Құрама Штаттар Индо- Қытайға қосымша «В—26» жеңіл бомбардировщиктерін жібереді деп мәлімдеген. Вейленд сол сияқты, АҚШ соғыс әуе күштерінің құрамынан 250 механик пен техник кәзірдің өзінде Индо- Қытай жағасындағы екі авиация базасына барып жетті деп хабарлаған.

Индо- Қытайда «әуе көпірі» құрылғаны туралы бұдан б[...]ынғы алынған хабарды растап, Вейленд былай деп мәлімдеген: «315-авиация дивизиясы өздерінің ұшатын самолеттерінің Қыйыр Шығыстағы сапарларын ұзартып, кәзір олар Индо- Қытайға ұшып барды. Бұл сапарға «С—54» («Скаймастер») екі

Сталин атындағы колхозда есеп беру-сайлау жыйналысы болып өтті. Жыйналысқа 400-ден астам колхозшылар катысып, колхоз басқармасының есебін тыңдады. Колхоз председателі Адам жолдастың есепті баяндамасы бойынша 1953 жылы егін және мал шаруашылығын өркендетуде колхоздың бірқатар табыстарға ие болғандығы байқалды.

Бұл жылы дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 11 центнерден өнім алынып, қоғамдық малдың саны 15 процентке дейін көбейген. Шаруашылықтардың бұл салаларының өркендей түсуі колхоздың акшалай табысы 1 миллион 129 мың сомға жетуіне мүмкіндік берді. Колхозшылардың әл-ауқат, мәдени-тұрмыс дәрежесі жақсара түсті.

Жарыссөзде сөйлеушілер колхоз басқармасының жұмысында елеулі кемшіліктерге жол берілгендігін айтты.

—№ 2 бригадада, —деді қарт колхозшы А. Герасев жолдас, —өткен жылы 100 гектар егісті егуде агротехникалық ережелер, әсресе, жер жырту, тұқым себу жұмыстары өрескел бұрмаланды.

нің әрбір гектарынан небары 3 центнерден ғана өнім алынды. Егіс бригадасының бригадирі Арсаев тракторшылардан жұмыстың сапалы болуын талап етпеді. Колхоз басшылары да бұл кемшілікке төзімділік жасады.

—Өткен жылы, —деді огород бригадасының бригадирі Васильева жолдас, —колхоз басқармасы огород бригадасы мүшелерінің жұмысына көңіл бөлмеді. Олар бригада мүшелерін басқа жұмыстарға пайдаланушылық сыяқты фактілерге жол берді. Осының салдарынан біз картоп пен овощьтардан өнімді аз алдық. Мұның өзі қала еңбекшілерінің картоп пен овощь жөніндегі қажеттерін өтей алмауымызға, колхоздың ақшалай табысы аз болуына негізгі себеп болды.

Колхозшылар колхоз басқармасының жұмысындағы осы сыяқты елеулі кемшіліктерді батыл сынап, колхоздың экономикалық шаруашылығын барған сайын нығайтудың нақтылы шараларын белгілеп, колхоздың ақшалай табысын 2 миллион сомға жеткізуді ұйғарды.

**Г. АБРОСИМОВ.**

риялық мәселелерді колхоздың күнделікті өмірімен тығыз байланыстырып отырады. Сол сыяқты Ворошилов атындағы колхозда (Пресное ауданы), тағы басқа колхоздарда агро -зоотехникалық курстардың оқуы ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді.

Бірақ, бұдан агро-зоотехникалық курстардың оқуы облыстың барлық колхоздарында да ойдағыдай жүргізіліп отыр деген ұғым тумайды. Кейбір МТС, колхоз басшылары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуын сентябрь Пленумы койған талаптар дәрежесінде ұйымдастыра алмай отыр. Мәселен, Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарда ұйымдастырылған 10 агро-зоотехникалық топтардан небары 3 топ жұмыс істейді. Оларға 45 адам ғана қатысып жүр. Ал, Баян МТС-нің қамтуындағы колхоздарда

лар үшін практикалық сабақтар ұйымдастырмайды. Кейбір топтарда сабақ жабдықталмаған үйлерде, аптасына 8 сағат өткізілудің орнына, екі—үш сағат ғана өткізіледі. Оқушылар оқулықтармен, қағаз- қарындашпен қамтамасыз етілмеген.

МТС директорлары колхоздарда болғанда, олардағы агро- зоотехникалық курстардың жұмысымен таныспайды. Топтардың сабағына қатысып отырмайды. Мәселен, Соколов МТС-нің директоры Быков, Налобин МТС-нің директоры Андрюшков жолдастар оқу жылының басынан бері бірде- бір топтың сабағында болған емес. Міне, сондықтан да бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда агро -зоотехникалық курстардың оқуының белгіленген күндерде өткізіліп отырмауы, ал, кейбір колхоздарда курстардың мүлдем жұмыс істемеуі кездейсоқ іс емес.

хоз өндірісіне кеңінен қолдануды үйрену болып табылады.

**Партия, совет органдары колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуындағы орын алып келген кемшіліктерді тез жойып, бұл жұмысқа МТС, колхоз басшыларының жауапкершілігін күшейту арқылы барлық колхоздарда агро -зоотехникалық оқудың ойдағыдай жүргізілуіне жетісулері керек. Өйткені, колхозшылардың агро-зоотехникалық біліммен қарулануы колхоздардың алдына сентябрь Пленумы қойған міндеттерді шешу жолындағы күресте табысқа жете берудің маңызды шарттарының бірі.**

**Ф. НАБОКОВ.**

**Қазақстан КП облыстық комитетінің ауылшаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары.**

самолеті күн сайын ұшып, олар «Кларк Филд» (Филиппинде) авиация базасынан Индо- Қытайда болуда. Бұл самолеттер, генералдың айтуынша, азық-түлік, жабдықтар және французлар пайдаланатын американ самолеттерін жөндеп, қамтуға қажетті әскери бөлімдер, сонымен қатар, механиктерді оқытуға және самолеттерді жөндеуге қажетті арнаулы жабдықтар, соның ішінде, сынайтын электронды аспаптар, саймандар және басқа заттар тасып жеткізуде.

НЬЮ- ЙОРК, 16 февраль. (СОТА). «Дейли миррор» газетінің Вашингтондағы шолушысы Дрю Пирсонның хабарына қарағанда, Индо- Қытайда «Францияға көмектесуді барынша жақтаушы» штабтар бастықтары біріккен тобының председателі адмирал Рэдфорд болып табылады, «ол американ әскерлерін жіберуге және қытай жағалауын қоршап тастауды жақтап шығуда».

«Пентагондағы Рэдфордты қолдаушы топ, —деп жазады Пирсон, —Индо-Қытайға төрт американ дивизиясын жіберудің жоспарын жасаған, бұл дивизияларға американ артиллериясы, танктер және реактивті истребительдер қоса жіберілмек».

## Озат колхозға экскурсия

Жуырда Полудень ауданының бірсыпыра колхоздарының председательдері, сауыншылары, төл күтушілері, мал мамандары—барлығы 150 адам осы аудандағы Чапаев атындағы колхоздың мал фермаларында экскурсияда болды. Олар мұнда мал азығын нәрлендіріп беретін бірнеше жаңа машиналарды көрді. Бұл колхоз сыйырдан сүт алуда жыл сайын зор табыстарға ие болып келеді. Мәселен, өткен жылы колхоз мемлекетке сүт тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындаған болатын. Әрине, бұл сыйырларды азықтандыруды зоотехникалық- малдәрігерлік ережелердің шебер қолданылуының нәтижесі.

Малға азық әзірлеу әдісін көргеннен кейін қонақтар колхоз клубына жыйналды. Онда сауын сыйырлардан алынған сүттің өткен жылдармен салыстырылған және тәулік ішінде сауылған мөлшерін көрсететін диаграммалар және плакаттар, ұрандар ілінген. Клубта қонақтар колхоз председателі Шель жолдастың «Ірі сабақты шөпті алдын-ала әзірлеу туралы» баяндамасын тыңдады. Осы колхоздың озат бұзау күтушілері, сауыншылары өздерінің іс тәжрибелерін баяндап берді.

Мұндай экскурсияның көп пайда келтіретіндігін ескеріп, оған қатысқандар бұдан былай да бұл жұмысты жиі ұйымдастыруды тілек етті. Жақын арада аудан колхоздарының шошқа фермаларының меңгерушілері, озат шошқа өсірушілері және зоотехниктері Тоқшын совхозындағы шошқа фермасына экскурсияға барады.

**А. РАМАЗАНОВ.**

## Бірнеше мамандықты меңгергендер

Қарағанды совхозының механизаторлары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін бірнеше мамандықты игеруді өздерінің алдына негізгі міндет етіп қойды. Мұның өзі ауылшаруашылық техникалары қуатының өнімді пайдаланылуына зор мүмкіншілік туғызады.

Совхоздағы ағайынды Павел және Иван Бочтов жолдастар озат жұмысшылардың бірінен саналады. Олардың бірі қазір совхоздың мастерскойында слесарь, екіншісі ұста болып жұмыс істеп жүр. Өткен жылы екеуі де көктемде тракторшы болып істеді. Ал, күзде комбайншы болып қызмет атқарды. Ағайынды екеуі бұл мамандықтардың үстіне шоферлық мамандықты да жақсы біледі.

Осы совхоздың жұмысшысы И. Делецкий жолдас та тракторшылық, комбайншылық, слесарьлық, мыс қорытушылық мамандықтарын меңгерген. Сондай- ақ жұмысшы Ф. Чуйко жолдас шөп машинасының, астық тазартқыштың, трактордың құрылысын жақсы біледі. Совхозда бұлардай бірнеше мамандықты меңгерген жұмысшылар көптеп саналады.

Совхоз дирекциясы және партия ұйымы жұмысшылардың бірнеше мамандықты меңгеру жөніндегі инициативаларын қостаумен қатар, олардың мамандықтарын арттыра берулеріне жағдай жасап отыр. Бұл кадрларға көрсетіліп отырылған зор қамқорлық болып саналады.

**А. ПШЕНИЧНЫЙ.**

## Маңызды іске мән бермей отыр

— Біз, —дейді Булаев МТС-нің директоры Лепехин жолдас, —колхозшылардың агро -зоотехникалық үшжылдық оқуын ұйымдастыруды ерте қолға алдық, ол жөнінде белгіленген шаралар да көп. МТС қамтуындағы колхоздарда быйыл 6 зоотехникалық, 7 агротехникалық курстар ұйымдастырылды. Оларда 160 малшы, 218 егінші оқыйды.

Бірақ, осы айтылған сөз, белгіленген шаралар іске асырылып отыр ма? Әрине, жоқ. Лепехин жолдас бұл курстардың қағаз жүзінде ғана жоспарланғанын, ал ол мәселенің іс жүзіне асырылмағанын естен шығарады. Шынын айтқанда, колхоздардағы зоотехникалық курстар қағаз жүзінде ғана саналғаны болмаса, бірде-біреуі әлі іске кірісken жоқ. Жағдай осылай бола тұрса да МТС басшылары бұған тіпті қынжылар емес. Олар күні бүгінге дейін зоотехникалық курстардың іске кірісуі жайында нақтылы шара қолданбай отыр.

Ал, ұйымдастырылды деген 7 агротехникалық курстардың текқана төртеуінде сабақ басталған. Бұлардың өзінде де сабақ өте төмен дәрежеде өткізіледі. Өйткені, лекция оқуға маман кадрлар іріктеліп алынбаған. Теориялық сабақ практикамен ұштастырылып жүргізілмейді. Сонымен бірге курстегі колхозшылардың оқулықтары да жоқ.

Колхозшылардың агро -зоотехникалық оқуын бағаламаушылық МТС-те быйыл ғана емес, жылда қайталанып келеді. Өткен оқу жылында бірсыпыра курстардың тыңдаушылары жыл аяғында кейбір сабақтан емтихан тапсыра алмады, екінші топтың бірқатар оқушылары емтиханды сол топқа арналған программа бойынша өткізудің орнына бірінші курстың программасымен тапсырды. Ал, МТС басшылары колхозшыларды оқумен қамту жөнінде «бәрібір оқуды аяқтасақ болды» деген теріс пікірге салынды. Осыдан келіп өткен жылы колхозшыларға агро-зоотехника шаралары жөнінде жүйелі білім берілмеді.

Колхозшыларды оқытып, білімдерін көтеру ісіне басшылық етуде быйыл да көп кемшіліктер бар. МТС қамтуындағы колхоздардың бәрінде дерлік агро- зоотехникалық курстар жөнінде қанша оқу топтары құрылғанын, қай колхозшының қай топта оқыйтынын, ал сабақ беруге тағайындалған курс жетекшілері өздерінің қай топта қызмет істейтіндігін әлі күнге дейін жөнді білмейтін көрінеді.

Колхозшылардың агро- зоотехникалық оқуына кейбір колхоз председательдері жауапсыз қарайды. Мәселен, «Страна Советов» колхозының басшылары колхозшылардың оқуына жөнді мән бермейді. Мұнда бір агрономиялық курс бар. Онда сабақ жоспарлы түрде өтпейді. Бұл топтың есебінде 15 колхозшы оқыйды делінген. Олардан сабаққа 4-ақ адам қатысады. Ал, осы жұмысты ұйымдастыратын колхоз председателі Метель жолдастың өзі «астықты оқымай-ақ өсіргенбіз, оқудың қажеті қанша» дегенді айтады. Бұдан артық жауапсыздық бола ма?

Бұл сыяқты кемшілік «Новый путь», Буденный атындағы, Сталин атындағы колхоздарда да орын тепкен. Сталин атындағы колхоздың председателі Есенбаев жолдас колхозшылардың оқуы үшін жағдай жасамаған. Ол тіпті курстың сабағын өткізетін арнаулы үй де бөлмей келеді. Колхоз орталығына қашықтағы бригадалардан сабаққа келетін колхозшылар көлікпен қамтамасыз етілмеген. Міне, мұның бәрі оқу жұмысына едәуір кедергі келтіруде.

Оқуды ұйымдастыруда, оқу сапасын жақсартуда, колхозшыларды оқуға жаппай тартуда МТС мамандарына зор жауапкершілік және күрделі міндет жүктелетіні мәлім. Алайда, бірсыпыра агрономдар, зоотехниктер қатаң бақылаудың, нақты басшылықтың болмауын пайдаланып, оқытушылық міндеттеріне атүсті қараумен келеді. Мәселен, участоктік агроном Дуреев, Жұнысов, Табунов және басқа жолдастар түрлі желеуді айтып, сабақ өткізбей жүр. Ал, МТС-тің аға агрономы Писарьков, бас зоотехнигі Калинеченко жолдастар, олардың өздеріне жүктелген міндетке мемлекеттік тұрғыдан қарамаушылығына төзіп, көріне ымырашылдық жасаумен келген.

Аудандық Совет атқару комитеті колхозшылардың агро- зоотехникалық оқуына нақты басшылық жасамайды. Оқу жұмысында елеулі кемшіліктердің орын алуына қарамастан, оқудың барысы жөнінде МТС басшыларының бір рет те баяндамасы тыңдалған емес. Аудан басшылары курс жұмысын тек есеп беретін уақыттарда ғана еске алады.

Кәзіргі басты міндет —ауылшаруашылығының барлық салаларын онан әрі дамытып, өркендете беру үшін, колхозшылардың агро- зоотехникалық үшжылдық курстарда оқып, агробиология ғылымының табыстарымен озат тәжрибені өндіріске шеберлікпен пайдалана білуінде болып отыр. Өйткені, қоғамдық шаруашылықты колхоздарда барлық жағынан дамыту, ең алдымен сол колхоз кадрларына байланысты. Бірақ, Булаев ауданындағылар бұл аса маңызды іске жете мән бермей келеді.

Аудандық партия, совет ұйымдары мен МТС басшылары колхозшылардың үшжылдық агро- зоотехникалық курсында орын алып отырған кемшіліктерді жою үшін шұғыл шаралар қабылдап, оқу ісін батыл жақсартулары керек. Сөйтіп, ғылым табыстары мен озат тәжрибелерді колхозшыларға кеңінен насихаттауды қамтамасыз ету қажет.

**А. ҚАСЫМОВ.**

### АМЕРИКАН ҚАРУ -ЖАРАҚТАРЫ ФРАНКО ИСПАНИЯСЫНА ЖІБЕРІЛУДЕ

ПАРИЖ, 16 февраль. (СОТА). «Юманите» газеті былай деп хабарлайды: кеше Испания порты Картахенге американ қару- жарақтары мен соғыс материалдары: танктер, жүк машиналары, винтовкалар, самолеттің запас бөлшектері тағы басқалары, жеткізілген.

«Юманите» газеті бұл жүктердің 1953 жылдың сентябрінде жасалған Испан- американ соғыс келісімі бойынша жеткізілетін қару- жарақтың бірінші партиясы екендігін атап көрсетеді.

**Редактордың орынбасары**
**Ғ. НҰРМОЛДИН.**

Оқу комбинатының филиалы өнеркәсіп орындары мен колхоздар үшін аға бухгалтер мен есепшілер даярлау және олардың мамандығын арттыру бөліміне өндірістен қол үзіп және қол үзбей оқу үшін оқушылар қабылдайды.
Адрес: Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі, 17-үй.

Петропавл совхоздар тресінің жоспарлау- финанс бөліміне аға инженер- механизатор КЕРЕК.
Еңбекақы смета бойынша.
Мына адреске келіп жолығуға болады: Петропавл қаласы Папанин көшесі 65-үй, совхоздар тресі. Телефон 5-81.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00499. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.